

2. Результаты Казахстана в PISA-2022: Национальный отчет/ АО «Национальный центр исследований и оценки образования «Талдау» им. А. Байтұрсынұлы». Астана: Министерство просвещения Республики Казахстан, 2024, 169 с.

3. Лютова В. С. Формирование функциональной грамотности учащихся: пути, опыт, перспективы [Электронный ресурс]/ В.С. Лютова. – Режим доступа: <https://intolimp.org/publication/formirovaniie-funktsional-noi-ghramotnosti-uchashchikhsia-puti-opyt-pierspiektiv.html?ysclid=ldjqkg8rkz774923630>

4. Кротова Н.В. Функциональная грамотность в начальных классах [Электронный ресурс]/ Н.В. Кротова. – Режим доступа: <https://infourok.ru/soobshenie-s-prezentaciej-funkcionalnaya-gramotnost-v-nachalnyh-klassah-5290232.html>

5. Матвиенко И.В. Читательская грамотность как основа формирования функциональной грамотности в условиях реализации обновленных ФГОС [Электронный ресурс]/ И.В. Матвиенко. – Режим доступа: [Читательская грамотность как основа формирования функциональной грамотности в условиях реализации обновленных ФГОС | Иностраный язык | УЧИТЕЛЬСКИЙ ЖУРНАЛ](#)

ӘОЖ 37.378

ЕВНЕЙ БӨКЕТОВТИҢ АЗАМАТТЫҚ ТҰЛҒАСЫ

Джуманова Л.С., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

*Менен кейін не болатынын білмеймін,
бірақ мен екен дәннің біреуі ғана өз жемісін берсе,
мен өзімді бақытты адаммын деп санар едім....
Е.А.Бөкетов*

Иә, бүкіл еңбек жолын, саналы ғұмырын ғылымға арнаған академик Евней Арыстанұлы Бөкетовтің есімін естімеген, біртуар азаматтық келбеті мен Қазақстанның ғылымы мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесін білмейтін адам Қазақстанда кемде-кем шығар... Әр адам өз ұлтымен, жеткен жетістігімен мақтана алады. Берекесі, бірлігі тасып жатқан ұлан-байтақ елге еміренер, нардың жүгін арқалар ер керек. Қазақстанда «елім» деп еміренген ер де бар, «ерім» дейтін ел де бар. Тіршілігінде ұлтының тағдыры үшін алаңдаған, қазақ ғылымының дамуына көп күш салған Евней Арыстанұлы Бөкетовты мақтанаш тұлпайтын қазақстандық жоқ шығар! Отандасымыздың туғанына 100 жыл толуына орай оның еліміздің дамуына, ұлттық сананың қалыптасуына қосқан үлесін ерекше атап өткенді жөн көрдім!

Мені академик Е.А.Бөкетов туралы ой қозғауға итермелеген жайт ғалымның болмысы бөлек, қайталанбас тұлға екендігіне тамсану мен өскелең ұрпаққа осындай қазақта дара туған тұлғалардың өмірі мен еңбек жолынан аздап болса да мағлұмат беру еді.

Евней Арыстанұлы Бөкетов 23 наурыз 1925 жылы Солтүстік Қазақстан облысында қарпайым орта шаруаның отбасында дүниеге келеді. Өмір сүру қиындыққа толы болғанына қарамастан Евней жастайынан зерек, оқуға деген құлшынысы зор еді. 1945 жылы ол мектепті бітіре сала Қазақ тау-кен металлургия институтының металлургия факультетіне түседі де, оны 1950 жылы аяқтап шығады. Жоғары оқу орнында оқып жүрген кезінде-ақ болашақ академик өзінің оқуға деген қызығушылығы мен құлшынысының арқасында үздік студент атанып, топ жарды. Оқуын аяқтап, жоғары білімді маман ретінде диплом алып ғылым жолына түсуге белін бекем буды. Алдымен аспирантурада оқып, 1954 жылы диссертациясын қорғады. Жылдан- жылға ғылыми мансабы биіктеп, 1956 жылы доцент лауазымын иеленді, ал екі жылдан соң оқу ісі жөніндегі проректор және екі жыл өткен соң Қарағанды қаласындағы Қазақстан Ғылым Академиясының химия – металлургия институтының директоры болып лауазымды қызметке тағайындалды. Қаныш Сәтбаев айтқан екен: «Қазақстандағы ғылым дұрыс жолмен даму үшін оның штабында, ғылым академиясының, халқының, өз отанының мүдделерін бар жан-тәнімен берілген адамдар қызмет етуі керек», - деп өз пікірін білдірген. Е.Арыстанұлы ғұлама ғалымның осы айтқан ұлағатына сай болуға тырысты. Академик Е.А.Бөкетов аталмыш институттың директоры қызметінде жүрген жылдары Қазақстан ғылымының дамуына зор үлес қосып, шетелдік мемлекеттерде патенттелген 200-ден астам ғылыми еңбектің, тоғыз монографияның, 90-ға жуық ғылыми жаңалықтың авторы болып табылды. Осындай әлемге әйгілі химия-металлургия ғылымында зерттеулерді жүргізіп, ғылыми еңбектерді жарыққа шығара жүріп осы аталған ғылыми салада басты тұлға айналды [1].

1972 жылы Е.А.Бөкетов Қарағанды Мемлекеттік Университетінің негізін қалады, әрі тұңғыш ректоры болды. 1991 жылы Қарағанды мемлекеттік университетіне академик Е.А.Бөкетовтың аты берілді. ҚарУ құрамында 12 оқу ғимараты, кітап қоры 1,5 млн. дананы құрайтын 16 оқу залы бар ғылыми кітапхана, жабдықталған 6 жатақхана, санаторий-профилакторий, студенттік тұрмыстық кешені, 19 кәсіпорынды қоғамдық тамақтандыру комбинаты, «Шаңырақ» жастар орталығы, кондитерлік цех, «Аюлы» спорттық-сауықтыру кешені, «Кент» бос уақытты өткізу орталығы, Балқаш, Топар көлдеріндегі демалыс аймақтары, Қарқаралыдағы оқу-сауықтыру базасы, 3 стадион, 11 спорттық зал, «Интернет» телекоммуникациялық орталығы, компьютерлік орталық, медиатека, баспахана, оқу теледидары бар. Біздің әрі қарай дамуымыз болашаққа сеніммен қарауға мүмкіндік береді. Біздің болашағымыз бұл классикалық университеттің дәстүрлерін жалғастыру, үздіксіз және іргелі білім беруді қамтамасыз ету, халықаралық сапа стандарттарын қолдану, жаңа білім беру технологияларын енгізу, еңбек нарығында өз бәсекелестік қабілетін сақтау. Орайы келгенде айта кететін жайт: ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 5 сәуірдегі қаулысымен академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті «Зерттеу университеті» лауазымына ие болса, 2025 жылдың 12

тамыздағы Қазақстан Республикасы Президенті Қасым- Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен «Ұлттық» мәртебесі берілді. Бұл аз жетістік емес. «Университеттің ұлттық мәртебеге ие болуы – тарихи қадам. Бұл мәртебе оқу орнына икемділік пен академиялық еркіндік береді. Енді университет өз білім беру бағдарламаларын әзірлеп, үздік оқытушыларды тарта алады, жаңа зертханалар ашып, өнеркәсіптік кәсіпорындармен бірлескен жобаларды іске қосуға мүмкіндік алады. Мұның барлығы таланты жастарды тартуға ықпал етпек. Ұлттық мәртебе – әрдайым қосымша артықшылық», – деді осы орайда ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек [2]. Бұл шешім университеттің еңбегін және оның ғылым мен білім беруді дамытуға қосқан елеулі үлесін мойындау болып табылады. Жаңа мәртебе университетке академиялық және ғылыми дербестікті кеңейтуге жол ашады. Ол жетекші ғалымдар мен қаржы тарту мүмкіндігін арттырып, халықаралық білім кеңістігіндегі орнын нығайтады. Бұл университетімізге, жастар тәрбиесі мен болашағына деген зор сенім. Жастарымыз өнерлі, рухани жағынан бай, бәсекеге қабілетті маман болып өсіп жатса нұр үстіне нұр. Бірнеше тілді игеру, өмірден өз орнын тауып, ел игілігіне қызмет ету, ұрпақ өсіріп, тәуелсіздігімізді тұғырлы етуге тер төгу де әрбір ер-азаматқа жүктелген міндет деп білеміз. Қарағанды университетінің осындай биік дәрежеге жетуіне Евней Арыстанұлының қажымай – талмай атқарған еңбегі жатыр...

«Жігітке жеті өнерде аз»,– деп дана халқымыз айтқандай Евней Арыстанұлы өнердің сан саласында озық болған. Ол орыс жазушылары мен ақындарының бірқатар еңбектерін қазақ тіліне аударып өзінің сөз байлығының тереңдігі мен ойлау қабілетінің ұшқырлығын еңбегімен дәлелдеді. Мысалы: 1985 жылы Мәскеу қаласында Е.А. Бөкетовтің «Святое дело Чокана» атты очеркі басылымнан шықса 2005-2006 жылдары 6 томдық ғылыми және әдеби-публицистикалық шығармалар жинағының 5 томы жарық көрді. Евней Арыстанұлы Отанға деген қалтқысыз қызметі, қарапайымдылығы және адамгершілігімен өскелең ұрпаққа үлгі болатын ерекше тұлға бола тұрып, қазақ ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ерекше жалынды әрі батыл ой-пікірдің адамы еді. «Ғылыми қызмет адалдықпен қатар қайсарлықты, қажырлылықты тілейді. Өйткені, ғылымда бірден болжаған мақсатыңа жету жолында шытырман бұлттарыстар, сәтсіз адымдар көп болады; көрікті мақсатына осының бәріне шыдаған қайсар, қажырлы адам ғана жетпек» деген ой ғалымның ішкі болмысын көрсеткендей.

Көз көрген адамдар Евней Арыстанұлының әрқашан өте әдепті, әрі қателескен адамға ешқашан да ескерту жасамайтын жүрегі жұмсақ, бауырмал адам болғандығын айтады. «Біз естеліктерден табатын ерекшеліктер - бұл басқа ұлттардың өкілдеріне мейірімділік, зайырлық, адамгершілік, әділдік, адамдарға ұқыпты қарау, оптимизм. Евней Арыстанұлы немқұрайлыққа, білімсіздікке, өз-өзіне сенбеушілікке, әдепсіздікке, дөрекілікке, адамды құрметтемеуге шыдамаған. Ол үшін барлық адамдар тең болды, әрдайым оның кабинетіне профессор болсын, еден тазалаушы болсын әйел адам кірген кезде ол орнынан тұрып, амандасатын. Ол ректор ретінде жәй еңбек адамын таза жуылған едені үшін мақтай алды, күрделі ғылыми проблема туралы қарапайым тілмен айта алды, сағаттап өлең оқи алды. Евней Бөкетовпен жұмыс істеген адамдармен әңгімелесе отырып, маған жақын туыскандар емес, бәлкім, жай әріптестер, бәлкім, жолда кездескен саяхатшылар да академик Бөкетовтың ойларына, әзіліне, өмірлік жағдайларына араласуға үлкен мүмкіндіктерге ие болды деген ой келді. Тіпті кітап жазуға да!»,– деп өз ойымен Евней Арыстанұлының немере қарындасы филология ғылымының докторы, белгілі ғалым Нұрсұлу Бөкетова бөлісті [3]. Ол біздің елдегі ғылыми танымның беделі мен мәртебесін лайықты жоғары деңгейге көтерді, өз теориялық және тәжірибелік зерттеулерімен қазақстандық химия ғылымы мен өнеркәсібінің жетістікке жетуіне септігін тигізіп қана қоймай, ғылыми мектеп құрды. «Ғылым – біле білгенге берік қамал, биік арман, асыл мұрат, ауыр жол. Оны аласарту, осал көру, парқына жетіп, бағасын білмей, жеңіл қарау – кешірілмес күнә»– деген ойы нағыз ғалымның сөзі.

«Ал ғалым – алдында айқын жолы жоқ жолаушы, алғысы аз да, азабы көп, басы бар да аяғы жоқ, түбі бар да төбесі жоқ ой дүниесін кезген бір бейбақ. Шын ғалым ғылымның деңгейін биіктетеді, оның алабын кеңейтеді, құдіретін жалпыға паш етеді, сиқырлы сырларына қанығады. Ол жаңа бұлақтың көзін ашады, жас буынның ынта-жігерін өрбітеді, оларды ғылымқұмарлық ауруға шалдықтырып, өзі кешкен «күй-қалыпқа» түсіреді»,– деп ҚР ҰҒА академигі Сәбит Байзақов өз пікірін білдірген еді [4]. Енді бірде әйгілі ғалым: «... біздің заманымыз жылдан-жылға білек пен бұлшық еттен гөрі ми мен басқа жүк артуын еселеп үдетіп келеді, бұл еселеп үдету күшейе түспесе, бәсеңдейтін түрі жоқ» – деп ой бөліскені бар. Олай болса әрбір жас өз миын ауыр жұмыстарға ертеден баулып, ертеден үйретуге тиісті. Ұлы ғалымның осы ойы жас мамандарды алдағы уақыт талабына зер салғызады. Мұның не үшін қажеттілігін де санада жаңғыртады.

Евней Бөкетов өмір бойы көп нәрсені үйреніп, көп нәрсеге қол жеткізді. Оның ғылыми еңбектері мен ашқан жаңалықтарын дүние жүзіндегі көптеген ірі ғалымдар мойындаған. Ол ғылыми әлемде құрметі мен беделі мойындалған, өз білімін Отанының дамуына ықпал ету үшін пайдаланған қоғам қайраткері ретінде танымал. Евней Арыстанұлы өзінің сіңірген еңбегі мен жетістіктерінің арқасында Қазақстанның ұлттық мақтанышының символына айналды. Оның еңбегі ел тарихына елеулі үлес қосты және мемлекеттің дамуы үшін ғылыми-өндірістік қызметтің жоғары құндылығының көрсеткіші болып табылады.

Абай Құнанбаев айтқандай: «Ғалым мен терең ойшыл – адамзаттың абыройы».

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің оқытушысы ретінде мені мынадай ой мазалайды: Евней Арыстанұлы Бөкетовтің жарқын өмірі Қазақстан жастарына жарық жұлдыз іспетті үлгі болары хақ. Осындай ғалым ағамыздың басына түскен қиыншылық пен жеткен жетістігін біле отырып, әрбір жас осындай нар тұлғалардан үлгі-өнеге алса деген үміт басым! Бірақ, қиындық болмай, қызық болмайды, алға ұмтылыс пен жеңіске жетем деген үміт те адыра қалады. Оның өмірі мен қызметі біздің әрқайсымызға үлкен үлгі. Алдына нақты мақсат қоя білген адам ғана жетістікке жетері сөзсіз. Осыдан ғасыр бұрын көрнекті ақын Мағжан Жұмабаев «Мен жастарға сенемін» деп, елінің ертеңі болар ұрпағына үміт артып еді. Алаштың арда ұлының сенімін ақтап, болашақтың шамшырағы болу– жастардың ең абыройлы парызы. Осыған қарап отырып, бүгінгі күні біз жастар жасаған істер ертеңгі күнге бағдар, келер заманның өрендеріне үлгі болуы үшін де алда қаншама міндет тұрғандығы күн өткен сайын айшықтала түскендей, әрі талай-талай жауапкершілік мойнымызға жүктелері хақ. Алдағы уақытта

тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп, Қазақстанды іргелі мемлекетке айналдыру біздің қолымызда, яғни болашағымыз жастардың жауапкершілігінде. Осы мемлекетті одан да биіктен көрсету – білімді жастардың қолында. Бірақ, біз тәрбиелеп отырған Қазақстан жастары атақты ғалым ағамыз сияқты жаңа шындарға шығып, жаңа жетістіктерге жете алар ма екен? Ол арқалаған ауыр жүк пен асқақ абыройды қатар алып жүре алар ма екен? Сұрақ көп... айтылар ой одан да көп....

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Шал ақын ауданының әкімдігі. Бөкетов Евней Арыстанұлы.[Электрондық ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-shalakyn/press/article/details/51158?lang=kk>
2. Қарағанды ғылым мен білімнің жаңа орталығы: Бөкетов университетіне жаңа мәртебе берілді. [Электрондық ресурс]. URL: <https://stan.kz/karagandi-gilim-men-bilimnin-zhana-ortalagi-boketov-uni-422318/>
3. Букетова Н.И. Индустриальная Караганда. Ученый и гуманист. Ректор. Просто Человек. [Электрондық ресурс]. URL: <https://inkaraganda.kz/novosti/obshhestvo/uchenyj-i-gumanist-rektor-prosto-chelovek/15.03.2022>.
4. Сәбит Байзақов. Қазақ әдебиеті. Ғылым мен ғалым туралы сөз бен ой.[Электрондық ресурс]. URL: <https://qazaqadebieti.kz/52871/ylym-men-alym-turaly-s-z-ben-oi>. 07.04.2025

ӘОЖ 130.2

Ф. СОССЮРДІҢ ТАҢБА ТЕОРИЯСЫ

Джусупов Б.И., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Байбосұнов Д.Б., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Тіл туралы ғылымдағы барлық маңызды лингвистикалық теориялар қандай да бір түрде таңба мен символ ұғымдарымен байланысты. Бұл адамның тілінің символдық табиғаты оның әмбебап немесе іргелі сипаттарының бірі болуымен түсіндіріледі. Дәл осы себептен Бодуэн де Куртенэ мен Фердинанд де Соссюр заманынан бері тілдік элементтердің символдық табиғаты жайлы лингвистикалық пікірталастар қазіргі ғылыми білім парадигмасы үшін өзектілігін жойған емес. Соссюр өзінің революциялық таңба теориясын жасайды, ол бүгінде теориялық лингвистика мен семиотиканың негізін құрайды: «Біз таңбаны ұғым мен акустикалық бейненің қосындысы деп атаймыз».

Акустикалық бейне — бұл нақты дыбыс емес, адамның сөйлеуді қабылдау үдерісінде алатын әсері, яғни психикалық құрылым. Дыбысты акустикалық бейне ретінде психикалық деңгейге аудару арқылы Соссюр дыбыс пен ұғымды бір бүтінге біріктіруге мүмкіндік алады, өйткені ұғым да психикалық салаға жатады. Осылайша, таңба — бұл «екі жақты психикалық құрылым». Алайда, «таңба» ұғымы лингвистикада қалыптасқан мағынаға ие болғандықтан, Соссюр бұл терминнің лингвистикалық табиғатын білдіру үшін арнайы терминдерді енгізуді ұсынады. Ол акустикалық бейнені — «означающее» (таңбалаушы), ал ұғымды — «означаемое» (таңбаланушы) деп атайды. «Біз таңба сөзін бүтіндік ретінде сақтауымызды ұсынамыз және "ұғым" мен "акустикалық бейне" терминдерін сәйкесінше "означаемое" және "означающее" терминдерімен алмастыруды көздейміз.»

Соссюр таңбаны «означающее» (бейнелеу жағы) мен «означаемое» (мазмұн жағы) атты екі ұғымның ажырамас бірлігі ретінде қарастырады. Ол бұл бірлікті монетаға немесе қағаз парағына теңейді – олардың екі жағы секілді бұл екі ұғым да бір бүтінді құрайды. Бұл жаңалық, сондай-ақ «означающее» мен «означаемое» ұғымдарының өзі де лингвистика мен семиотиканың кейінгі дамуына елеулі ықпал етті.

Соссюр өзінің таңба теориясында классикалық саяси экономиядан қолданбалы (практикалық) және айырбастық (күндык) күн ұғымдарының айырмасын алған. Қолданбалы күн – бұл тауардың нақты, материалдық пайдасы, ал айырбастық күн – осы тауардың басқа тауарлармен арақатынасы. Осыған ұқсас түрде, Соссюр таңбада екі мағынаны ажыратады: таңбаның нақты мәні – оның өзіндік ерекшелігіне негізделген жеке мағынасы; таңбаның абстрактілі мәні – оның басқа таңбалармен байланысы арқылы анықталатын мағынасы (мысалы, бір сөздің тілдегі басқа барлық сөздермен қатынасы арқылы ашылатын мағынасы). 1970-жылдары Жан Бодрийяр бұл лингвистикалық ұғымдар мен әдістерді кері бағытта – саяси экономиканы талдауға қолданды және дәл солай күтпеген нәтижелерге қол жеткізді.

Өзінің таңба теориясын дамыта отырып, Соссюр тағы бір маңызды жаңалық енгізді. Классикалық лингвистикада тілдік таңба көбіне сөз ретінде қарастырылатын. Соссюр бұл ұғымды кеңейтеді: біріншіден, ол сөзді ұсақ бірліктерге бөліп, сөздің бөліктерін де таңба ретінде таниды; екіншіден, тілден тыс таңбаларды (мысалы, жасанды тілдердің таңбалары) да тілдік таңбалар қатарына қосады. Осыған байланысты ол мынадай тұжырымға келеді: "тілдің нақты бірлігін сөзден емес, таңбадан іздеу қажет". Сондықтан да Соссюрдің көзқарасы бойынша, лингвистика — табиғи таңбалар жүйесі (яғни, сөздер) ретінде тілді зерттейтін ғылым — семиологияның бір тармағы ғана болып табылады. Ал семиология — кез келген (абстрактілі) таңбаларды зерттейтін жалпы ғылым. Соссюр одан әрі, семиология мен лингвистика жалпы психологияның бір бөлігі деген қорытындыға келеді, себебі "тілдік таңба — бұл екіжақты психикалық құбылыс". Бұл соңғы тұжырым қазіргі заманғы лингвистика мен семиологияда кең қолдау таппағанымен, Соссюрдің таңба теориясы тұтастай алғанда орнығып, қазіргі семиотиканың нормативтік негізіне айналды.

Соссюр теориясының тағы бір маңызды жаңалығы — таңбаның еріктілігі, мотивациясыздық идеясы. Бұрынғы рационалистік тіл философиясы таңбаны мазмұн мен ұғымға тәуелді элемент ретінде қарап, бұл байланысты анықтауға және ашуға тырысқан. Байланыс тікелей не жанама деп мойындалса да, таңба таным мен ойлаудың туынды, екінші деңгейлі элементі болып қала берді. Таңбаның артында тереңірек әрі маңызды «мәндер» — заттар,